# ШЕШІМ
## Қазақстан Республикасының атынан

2024 жылғы 4 қараша № 5501-24-00-2/3289 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С.Төлембекова, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Облыстық балаларды оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
Айдана Женисбекқызы Зикирова «Айдана» жеке кәсіпкер

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

**ҚАРАР БӨЛІМІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Облыстық балаларды оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Айдана Женисбекқызы Зикирова «Айдана» жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Айдана Женисбекқызы Зикирова «Айдана» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Айдана Женисбекқызы Зикирова «Айдана» жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 531 (бес жүз отыз бір) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 862 (бір мың сегіз жүз алпыс екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Облыстық балаларды оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Айдана Женисбекқызы Зикирова «Айдана» жеке кәсіпкерге 79 (жетпіс тоғыз) тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырудан бас тарсылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья** **А.Төлембекова**

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 04.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.12.2024, судья Тюлембекова А. С., 12.12.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»